

## ЛЕКСИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫП: Жыл мезгілдері

### Бір жылда төрт мезгіл бар

Бір жылда төрт мезгіл бар: қыс, көктем, жаз, күз. Бір мезгілде үш ай бар. Үш ай – бір тоқсан. Жылда он екі ай бар. Қыс айлары – желтоқсан, қаңтар, ақпан, көктем айлары – наурыз, сәуір, мамыр, жаз айлары – маусым, шілде, тамыз, күз айлары – қыркүйек, қазан, қараша.

Көктем – тамаша кез. Көктемде күн жылына бастайды. Көктемде күн жылы, салқын емес, кейде жаңбырлы, кейде құрғақ. Наурыздың 22-сінде күн мен түн теңеледі.

Жаз – ең жақсы кез. Жазда желсіз, аспан көбінесе бұлтсыз ашық болады. Жаңбыр онша көп жаумайды. Жазда күн ұзақ, түн қысқа болады.

Жазда күн ыстық, жаңбыр аз жауады. Жаз – демалыс кезі. Жаздан кейін қоңыр салқын күз де келіп жетеді. Қараңғылық ерте түседі. Аспанды қара бұлт қаптап, жауын да жиі жауады. Қар аралас жауын-шашын болады. Күзде күн салқын, жаңбыр көп жауады. Күзде жеміс – жидек, көкөніс піседі.

Қыста дала, орман, үйлер ақ қар жамылады. Өзендер мен көлдердің бетін көгілдір мұз жабады. Күн аязды, жер тайғақ болады. Қыста күн суық, қысқа, ал түн ұзақ. Қыс өте әдемі, ақ қарлы, керемет кез! Қыстан кейін қайтадан көктем келеді. Оңтүстіктен жылы жел еседі. Жылдың төрт мезгілі бір-біріне ұқсамайды. Қыста қатты аяз, жазда ыстық, күзде қоңыр салқын күндер жиі болады.

Жылдың әр мезгілінде ауа-райы өзгеріп тұрады. Ауа-райын болжауымен метеорология ғылымы айналысады. Ауа-райын болжайтын қарапайым аспаптардың бірі – барометр. Ал жердің жасанды серіктері жоғарыдан ауа райының жағдайын өзгерісін бақылайды да, радио арқылы жерге хабарлап тұрады. Ауа-райының құбылысын алдын ала біліп отыру кеме капитандарына, ұшқыштарға егіншілерге және малшыларға аса қажет. Жылдың әр мезгілі өзінше керемет, тамаша!

Сөздік

жыл – год

салқын – прохладно

ай – месяц

кейде – иногда

мезгіл – время, время года

жаңбырлы – дождливый

тоқсан – квартал

құрғақ – сухой

демалыс кезі – время отпусков

суық – холодный

жаз – лето

күн – день

түн – ночь

жарық – светло

көп – много

ауа-райы – погода

ұзақ – длинный  
қар – снег  
көктем – весна  
қыс – зима  
күз – осень

**Мәтінмен жұмыс:**

**1-тапсырма. Мәтінді оқып, жаңа сөздерді есте сақтаңыз.**

**2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер.**

1. Бір жылда неше мезгіл бар?
2. Бір мезгілде неше ай бар?
3. Бір жылда неше ай бар?
4. Қыс айлары қандай?
5. Көктемде күн қандай болады?
6. Жазда күн қандай?
7. Ауа-райы болжауымен қай ғылым айналысады?

**3-тапсырма. Әр жыл мезгіліне қатысты айтылатын сөз тіркестерінің қатарын жалғастырыңыз.**

1. Аязды күн, .....
2. Жылы жел, .....
3. Ыстық күн, .....
4. Жапырақтар түседі, .....

*Керекті сөз тіркестері:* аптап ыстық болады, күн жылынады, қар ериді, жапырақтар сарғаяды, ұйытқып жел соғады, аяз болады, үскірік, көк шығады, жапырақтар түседі, жаңбыр жиі жауады, найзағай ойнайды, күн ысиды, адамдар өзен, көлдерде шомылады.

**4-тапсырма. Диалогты жалғастырыңыз.**

- Анна, сізге қай мезгіл ұнайды?
- Маған көктем ұнайды.
- Ал, сіз қазақша көктем айларын білесіз бе?
- Білемін ... .